

Шектеу іс-шараларын алу және Темір қаласы әкімінің 2017 жылғы 21 ақпандағы № 7 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімнің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Темір ауданы Темір қаласының әкімінің 2017 жылғы 20 маусымдағы № 20 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 1 шілдеде № 5559 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Темір аудандық аумақтық инспекциясының басшысының м.а. 2017 жылғы 11 мамырдағы №14-01/127 ұсынысы негізінде Темір қаласының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Темір қаласы аумағындағы "Тама Есет батыр" шаруа қожалығының "Аққұдық" қыстағы аумағынан ірі қара малдарының арасынан құтыру ауруына жоспарлы ветеринарлық сауықтыру жұмыстарының атқарылуына байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары алынсын.

2. Темір қаласы әкімінің 2017 жылғы 21 ақпандағы № 7 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5274 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Темір қаласы әкімі

А.Б.Қоқанов